

## Еркін кеден аймағындағы кедендік бақылаудың тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Кеден комитеті 1997 жылғы 6 қаңтардағы N 2-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 22 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 264. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~V011444

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы

кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығын

Z952368\_

орындау мақсатында

бұйырамын:

1. Еркін кеден аймағындағы кедендік бақылаудың тәртібі (қоса тіркеліп отыр) бекітілсін.
2. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары осы Бұйрықтың мазмұнын декларанттарға және тиісті кеден органдарының қызметі орналасқан мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Кеден комитеті Төрағасының Бірінші орынбасары В.Д. Кирдановқа жүктелсін.

Төраға

Еркін кеден аймағындағы кедендік  
бақылаудың тәртібі

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Еркін кеден аймақтарының шет ел тауарлары кеден баждары мен салықтары алынбай және экономикалық саясат қолданылмай тиісті кеден аумақтық шекараларда орналасатын және пайдаланылатын, қазақстандық тауарлар ҚР-ның кеден заңдарымен анықталатын тәртіппен экспорттың кеден

режиміне сәйкес әкетуге қолданылатын жағдайларда қолданылатын және пайдаланылатын кеден режимі.

1.2. Еркін кеден аймағының кеден режимі қолданылатын аумақ ретіндегі еркін кеден аймағы мен оның шекараларын өнеркәсіп және сауда министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкімен келісе отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы орталық кеден органының және Қазақстан Республикасы жергілікті өкілетті және атқару органдарының бірлескен ұсынуы бойынша қабылданатын шешіммен анықталады.

1.3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің егер еркін кеден аймағының жұмыс істеуі кеден заңдарының талаптарына сай келмейтін болса, оны құру туралы шешімнің күшін жоюға құқылы. Аталған шешімнің күші жойылған жағдайда еркін кеден аймағы алты ай ішінде жойылуы тиіс.

Еркін кеден аймағын құру туралы қайыруларды қараудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

1.4. Еркін кеден аймақтарында кеден заңдары сақталатын жағдайда тауарлардың бөлшек саудада сатылуын қоспағанда олармен өндірістік және өзге де коммерциялық операциялар жасауға рұқсат етіледі.

1.5. Еркін кеден аймағын аумағына әкелінетін және осы аумақтардан әкетілетін барлық тауарлар мен көлік құралдары кеден заңдарымен және осы Тәртіппен көзделген ретпен кеден органдары анықтайтын жерлерде кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауға жатады.

Қазақстан Республикасы заңдарын сақтау және кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарлардың сипатын ескере отырып, еркін кеден аймақтарында тауарлармен операцияларды жүргізуге жекеленген тыйымдарды және шектеулерді белгілеуге, сондай-ақ еркін кеден аймақтарында ғимараттарды, құрылыстарды және құрылғыларды салуға құқылы.

1.6. ҚР-ның кеден органдарының кейбір адамдар ҚР-ның заңдық актілерінің, ҚР Үкіметінің актілерінің талаптарын сақтамаса, олардың еркін кеден аймақтарында тауарлармен операцияларды жүзеге асыруына тыйым салуы немесе мұндай адамдардың еркін кеден аймағы аумағына кіруіне рұқсат етпеуі мүмкін.

Еркін кеден аймақтарында тауарлар мерзімдері шектелмей жата алады.

1.7. Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген жағдайларда ЕКА аумағына әкелінетін және осы аумақтан әкетілетін тауарлар малдәрігерлік, фитосанитарлық, экологиялық және мемлекеттік кедендік бақылаудың басқа да түрлеріне жатады.

1.8. Осы Тәртіпте Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "

Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ жарлығымен көзделген ұғымдар қолданылады.

## 2. Шет ел тауарларын ЕКА аумағына әкелу

2.1. Осы Тәртіппен көзделген жағдайларды қоспағанда шет ел тауарларды ЕКА аумағына әкелу кезінде алуы кеден органдарына жүктелген кеден баждары мен салықтары алынбай және еркін кеден аймағының кеден режиміне сәйкес экономикалық саясат шаралар қолданылмай еркін кеден аймағы кедендік кеден режимімен орналастырылады.

ЕКА аумағына әкелінетін және бөлшек саудаға арналған тауарлар еркін кеден аймағының режимімен орналастыруға жатпайды.

2.2. ЕКА аумағына әкелінетін және өзге кеден режимімен орналастырылатын шет ел тауарларын кедендік ресімдеу мәлімделінген кеден режиміне сәйкес, Қазақстан Республикасы кеден заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2.3. Осы Тәртіптің 1.1. тармағында аталған тауарлар осы Ереже N 1 қосымшада келтірілген тәртіппен декларациялауға жатады.

## 3. Қазақстан тауарларын ЕКА аумағына әкелу

3.1. Қазақстан тауарлары ЕКА аумағына әкелу кеден баждары мен салықтары алынбай және экономикалық саясат шаралары қолданылмай әкелінеді.

3.2. Қазақстан тауарларын ЕКА аумағына әкелу кезінде сақталуына бақылау жасау кеден органдарына жүктелген тарифтік емес шектеулер қолданылмайды.

3.3. Қазақстан Республикасының өзге аумағына әкелінетін Қазақстан тауарларын кедендік ресімдей оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады.

Мұндай тауарлар кеден органына жеткізуге бақылау жасау құжатын ұсыну жолымен декларацияланады.

Аталған құжат еркін кеден аймағының кеден режимімен орналастыру үшін кеден декларациясы ретінде қаралады.

Жеткізуге бақылау жасау құжатымен бірге кеден органына кеден органдарының кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін қолданатын жүк, тауар алып жүру және өзге де құжаттарды ұсынылады.

3.4. Осы Тәртіппен көзделген жағдайларды қоспағанда шет мемлекеттердің аумақтарынан әкелінетін қазақстан тауарлары еркін кеден аймағының кеден режимімен орналастырылады. Осындай тауарларды кедендік ресімдеу мен бақылау шет ел тауарларына қатысты осы Тәртіптің 2-тарауымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.5. Шет мемлекеттердің аумақтарынан әкелінетін қазақстан тауарларын

еркін кеден аймағының кеден режимімен орналастыру кезінде тауарларды орналастыратын адам төлем ретінде немесе тауарларды Қазақстан Республикасынан әкету кезінде берілген өзге де жеңілдіктер нәтижесінде алынған сомаларды кері импорттың кеден режимін қолдану кезінде кеден органдарының алуы үшін белгіленген тәртіппен осындай сомаларды қайтарады.

3.6. Осы Тәртіпке сәйкес қазақстан тауарларына еркін кеден аймағының кеден режимін қолдану мүмкін болмайтын жағдайда шет мемлекеттердің аумақтарынан әкелінетін тауарлар олардың кеден режимдеріне сәйкес орналастырылады, ал Қазақстан Ресей ішкі кедендік транзит ресіміне сәйкес орналастырылады.

#### 4. Еркін кеден аймағы аумағынан тауарларды шет мемлекеттерге әкету

4.1. ЕКА аумағынан әкетілетін тауарларға кеден баждары мен салықтары, экономикалық саясат шаралары тауарлардың шығуына қарай қолданылады.

4.2. ЕКА аумағынан әкетілетін тауарларды кедендік ресімдеу осы Тәртіппен көзделген ерекшеліктер ескеріліп, Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес жүргізіледі.

4.3. ЕКА аумағынан әкелінген шет ел тауарлары және олардың ұқсатылған өнімдері шет мемлекеттерге кеден баждары мен салықтары алынбай және экономикалық саясат шаралары қолданылмай әкетіледі.

Еркін кеден аймағының кеден режимімен ЕКА аумағында орналастырылған шет ел тауарлары экспорттың кеден режиміне сәйкес әкетіледі.

Алдыңғы абзацта көрсетілмеген шет ел тауарлары оларға қатысты таңдалынған кеден режимдерінің шарттарына сәйкес әкетуге жатады.

4.4. Экспорттың кеден режиміне сәйкес ЕКА аумағынан әкетілетін қазақстан тауарларына (еркін кеден аймағында өндірілген тауарларды қоспағанда) қатысты кеден баждары мен салықтары алынады, мұндай тауарларға Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген болса, экономикалық саясат шаралары қолданылады.

4.5. ЕКА-да өндірілген немесе Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығымен белгіленген талаптарға сәйкес жеткілікті ұқсатудан өткізілген және экспорттың кеден режиміне сәйкес әкетілетін тауарларға қатысты кеден баждары алынбайды және экономикалық саясат шаралары қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіп Сауда-өнеркәсіп палатасы беретін, тауарларды ресімдей кезінде кеден органына ұсынылатын олардың шығуы туралы сертификат тауарлардың ЕКА-да өндірілгендігін

растайтын құжат болып табылады.

## 5. Тауарларды ЕКА-дан Қазақстан Республикасының өзге аумағына әкету

5.1. Тауарларды ЕКА-дан Қазақстан Республикасының өзге аумағына әкелу кезінде кеден баждары мен салықтары, экономикалық саясат шаралары мен сақталуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген әкелуге қатысты өзге де шектеулер:

- а) еркін кеден аймағында өндірілген;
- б) Қазақстан Республикасынан немесе шет мемлекеттерден бұрын әкелінген қазақстан тауарларына;
- в) жеке тұлғалардың еркін кеден аймағының аумағына оңайлатылған жеңілдік тәртібімен әкелген;
- г) Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарынан шыққан тауарларға қолданылмайды.

Тауарларды еркін кеден аймағының аумағынан әкету кезінде олардың осы тармақта көрсетілген шарттарына сай келуін кедендік ресімдеуді жүргізетін, еркін кеден аймағында орналасқан кеден органдары белгілейді.

5.2. Осы Тәртіптің 5.1-тармағында көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасының аумағына кедендік бақылаумен жеткізудің ережелеріне сәйкес өткізіледі.

5.3. Шет ел тауарлары еркін кеден аймағының аумағынан осы Тәртіптің 4.3-тармағында көзделген тәртіппен әкетіледі.

Кеден органдары осы тауарлардың еркін кеден аймағының аумағынан нақты әкетілуіне бақылауды Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Осы тауарларды Қазақстан Республикасының өзге аумағына кеден мақсатында әкелу кезінде олар шет мемлекеттерден әкелінген шет ел тауарлары ретінде қарастырылады.

## 6. Еркін кеден аймағының аумағы арқылы транзит

6.1. Еркін кеден аймағының аумағы арқылы транзит қызметі аймағында ЕКА орналасқан кеден органының белгілеген тәртібімен анықтаған кедендік бақылау пункттері арқылы жүзеге асырылады.

6.2. Транзит осы режим үшін Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің белгілеген тәртібімен кеден құжаттары арқылы ресімделеді.

6.3. ЕКА-да бақылауды жүзеге асыратын кеден мекемесі транзит құжаттарын тексеруді және үйлестіруді ұйымдастырады, сонымен бірге ЕКА арқылы жүк транзиттерінің мейлінше аз болуына жағдай жасайды.

6.4. Темір жолмен транзиттік тасымалдарға кеден құжаттары ресімделмейді.

7. Жеке тұлғалардың ЕКА кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарларын кедендік ресімдей

7.1. Жеке тұлғалардың ЕКА аумағына әкелетін тауарлар олардың ЕКА аумағында тұрақты тұратынын растайтын құжаттар ұсынылатын жағдайда еркін кеден аймағының кеден режимімен орналастырылады.

Тұрақты тұрғылықты жері ЕКА аумағынан тыс жеке тұлғалар тауарларын кеден заңдарына сәйкес жалпылай белгіленген тәртіппен ресімдейді.

7.2. ЕКА аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалардың ЕКА аумағына автокөлік құралдарын әкелетін кезінде кеден органы ТС-25 нысанында "Иеліктен алу үшін кеденнің рұқсаты керек" деген жазуды жазады.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Уақытша әкелу, кері экспорт, кеден қоймасының кеден режимдеріне сәйкес еркін кеден аймағының аумағына әкелінген тауарлар осы Тәртіптің 2-тарауына сәйкес еркін кеден аймағының кеден режиміне мәлімделе алынады. Бұл ретте бұрынғы кеден режимінің күші аяқталады, ал төленген кеден баждары мен салықтарының сомалары тауарларды Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары нақты әкету кезінде қайтарылуы көзделген болса, қайтарылады.

Аталған режимдерге сәйкес арнайы кеден аймағының аумағына әкелінген шет ел тауарларына қатысты кеден аумағында ұқсатудың және кедендік бақылаумен ұқсатудың кеден режимдерін еркін кеден аймағының кедендік режиміне өзгертуге Қазақстан Республикасының ұқсауға рұқсат берген Кеден комитетінің рұқсатымен жол беріледі.

Бұл ретте төленген кеден баждары мен салықтарының сомалары ұқсауға рұқсаттың қолданылу күшінің мерзімі өткенге дейін еркін кеден аймағының кедендік режимі мәлімделген жағдайда қайтарылады.

8.2. Қазақстан Республикасының кеден органдары еркін кеден аймағындағы тауарларға кедендік бақылауды жүзеге асырады.

ЕКА-да өндірістік және өзге де коммерциялық қызметті жүзеге асыратын адамдар әкелінетін, әкетілетін, сақталатын, даяр етілетін, ұқсатылатын, сатып алынатын, өткерілетін тауарлардың есебін жүргізеді және кеден органдарына олар жөнінде есептерді тоқсан сайын, айдың 10-на дейін ұсынып отырады.

ЕКА-дан тысқары тауарларға қатысты орын алатын кез келген өзгерістер есеп құжаттарында бейнелеуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ